

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Эссе «Өз мамандығым - мақтанышым!»

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/24858/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Турлубекова Жадыра Куандыковна

XXI ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан, бүгінде заманға сай зерделі, ой — өрісі жоғары, жан — жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні — мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасының Үкіметінің бекіген, мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынылған.

Оқу әрекет қызметін дайындаудың негізгі мақсаты - аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау болып табылады.

Мектеп алды даярлықтың ұйымдастырылған оқу қызметі 8 тарауға бөлініп, тақырыптары құрастырылған және әрбір ортақ тақырып бірнеше тақырыпшалардан тұрады

1. Мен кімін және қандаймын?
2. Мектепке не үшін барамыз?
3. Менің айналамда кімдер бар?
4. Менің айналамда не қоршап тұр?
5. Жолдар бізді қайда бастайды?
6. Салт-дәстүрді білу не үшін керек?
7. Мен үшін не дәмді және пайдалы?

8. Денсаулықты қалай күту керек?

. Мектеп алды даярлық топтарында, отбасында және қоршаған ортаны баланың өз бетімен зерттеуі арқасында алған мәліметтері мен әліпби тану кезеңінен бастап, алғашқы әдеби-теориялық ұғымдарының пән сапасын оқушыға түсінікті бере отырып, дайындық кезеңдері де сатылы кешенді түрде қарастырылған.

Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де өнерлі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің еңбегі зор демекпін..

Мен « Бірлестік орта мектебі» КММ мектеп алды даярлық тобында тәрбиеші болып жұмыс істеймін.

«Бала- балқыған қорғасын» деген Абай даналығын көкірегіме түйіп, тәрбиеші мамандығын таңдадым. Жалпы адам баласы тәрбиеші болу үшін тәрбиені ұғынған адам ғана емес, айналаны, қоршаған ортаны тәрбиелей алатын жанға айналу керек.

«Бақытымның бастауы,

«Балдырғаннан басталды»

Таза, пәк оқушыларымды көргенімде бәрін ұмытып ,жүрегіме жылулық ұялайды. Бүгінгі таңда балалар менің өз отбасыма айналып кетті. Олардың бал күлкісімен, әрбір басқан қадамдары мені алға жетелеп келеді. Балалармен ойнап, құласа демеп, жыласа жұбатар дос боламын, әрі кейде сырласып та аламын. Кей кезерде оқушыларыммен сөйлесіп демалып та қаламын. Мен үшін оқушыларымның былдыр тәтті тілімен амандасқандарын осы кезге дейін қаншама рет естісем де , мен үшін қымбат та қадірлі. Таңертеңгі қабылдау сәтінен бастап, ертеңгілік жаттығу, шаттық шеңбері, серуен, ұйымдастырылған оқу қызметі барысында оқушылардың бал тілмен қойылатын сұрақтары , ойнап жүріп образға кіретін түрлері «бір нәрсені білсем», «көрсем», «ұстасам», «зерттесем» деген құштарлық шабыттары мені жаңа әлемге енгізгендей болады. Мысалы: ұсақ қол моторикасын дамытуға, дыбыстарды дұрыс дыбыстап айтуға, танысатын дыбысқа байланысты сөздер ойлап, оларды қатыстырып сөйлем құрастыруға, тіпті қолөнерге баулуға, балалардың «бәрін білгім келеді» деген қызығушылықтары мені алға жетелейді. Ертегілерді сомдағаны, ән айтып , би билеп көрсеткен өнерлері, ұйымдастырылған оқу қызметі барысында алған әсерлері маған бір күннен бір күніме жігер , шабыт береді.

Оқушыларымның көзімен мен суретшімін, мүсіншімін, мұғаліммін, жаттықтырушымын, бишімін, әншімін. Бірақ мен осы қасиеттер табылатын жай ғана тәрбиешімін. Олар үшін мен дара тұлғамын. Француз ағартушысы Жан — Жак Руссо: « Бала туғанда ақ қағаздай болып, таза туылады, оның үстіне шимайды қалай салсаң ,сол сияқты өзің қалай тәрбиелесең, ол да солай тәрбиеленеді» деген.

Сондықтан бала жүрегіне жылулық ұялатып, қабілетін дарынын ашу, әр тәрбиешінің алдына қойған міндет деп білемін. Ғұлама Абай Құнанбаев: «Баланы ең әуелі мейір шапағатқа, одан соң ақыл парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғалымға, еңбекке баулу керек» дейді. Бүгінде тәрбиеленушілерге мейірім төге отырып, биік белестерден көрінуіне жауапты екенімді естен шығармаймын. «Халқымызда жас келсе іске» деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдаға жігерімді, күш қуатымды, жаңашылдығымды, талапты әрі талантты оқушылар тәрбиелеуге жұмсаймын. Болашақта өзім тәрбиелеген оқушыларымды биік шыңдардан көріп жатсам, мен өзімді зерделі тәрбиеші санаймын.

Балаларға жан — жақты тәрбие беру үшін «Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле демекші өзім күн сайын ізденіс үстінде жүремін. Қазіргі таңда тәрбиеленушілердің тәрбие алып қалыптасатын орны мектеп алды даярлық тобы дейтін болсақ, бүгінгі тәрбиешілер қазіргі заманға сай, білім мен тәрбиеге лайықты болуы керек. Тәрбиешінің әрбір жүріс тұрысы, қимылы, балаларға үлгі өнеге берерліктей болуы тиіс. Сондықтан оқушыларды тәрбиелей отырып, өзім де тәрбиеленудемін. Сөзімді қорыта айта келе өз мамандығымды мақтан тұтатын тәрбиешімін. Бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеуде ізгілікке, имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа, еңбек сүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу менің басты міндетім. Мен үшін өз мамандығым үлкен бақыт!

СҚО.Айыртау ауданы

«Бірлестік орта мектебі» КММ мектеп алды даярлық тобы.

Турлубекова Жадыра Куандыковна

2018 жыл

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.